



ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ЭТНОСАБАҚ



Жоба Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысымен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КеАҚ қолдауымен өткізілуде



Этноволонтерлік дегеніміз не?

Этноволонтерлік – бұл жастардың ұлттық мәдениет пен дәстүрді насихаттау, этникалық мұраны сақтау және көпұлтты қоғамда өзара түсіністік пен толеранттылықты қалыптастыруға бағытталған волонтерлік қызметі.

Ерекшелігі:

- ұлттық құндылықтарға негізделуі;
- жас буынға тарихи сабақтастықты жеткізуі;
- шығармашылық, мәдени және әлеуметтік бағытта жүруі.



Этноволонтер қалай болуға болады?

- Ұйымдастырушыға қосылу – Жергілікті еріктілер ұйымына немесе этно-мәдени орталықтарға тіркелу.
- ЭтноКлубқа мүше болу – мектеп, колледж, ЖОО жанындағы этно-мәдени клубтар мен үйірмелерге қатысу.
- Оқыту курстарынан өту – этноволонтерлікке арналған семинарлар, тренингтер (қолөнер, дәстүрлі ән-күй, тарих, салт-дәстүр) бойынша білім алу.
- Өзіндік бастама – өз мектебінде, колледжінде шағын этно-сабақ, көрме немесе шеберлік сынып өткізу.



Этноволонтер не істейді?

- Ұлттық өнерді насихаттайды: домбыра, қобыз, айтыс, халық әндері мен билерін үйретуге көмектеседі.
- Салт-дәстүрді таныстырады: беташар, тұсаукесер, наурыз, қыз ұзату сияқты дәстүрлерді түсіндіру, сахналау.
- Ұлттық тағамдарды дәріптейді: бауырсақ, қымыз, қазы, жент секілді тағамдарды таныстыру, дайындау сабағын ұйымдастыру.
- Қолөнерді үйретеді: кесте тігу, зергерлік, киіз басу, ою-өрнек салу, ағаш өңдеу т.б.
- Ұлттық ойындарды өткізеді: асық ату, арқан тартыс, тоғызқұмалақ, көкпар, қыз қуу.



Этноволонтерліктің бағыттары

- Білім беру бағыты – мектеп, колледждерде этносабақтар, этноклубтар ұйымдастыру.
- Шығармашылық бағыты – ұлттық өнерді сахнада көрсету, этнотеатр, этнобағдарламалар жасау.
- Әлеуметтік бағыт – ауылдағы, шалғайдағы балаларға этномәдени шаралар апару.
- Медиа бағыты – ұлттық құндылықтарды әлеуметтік желілер арқылы насихаттау.
- Зерттеу бағыты – халық ауыз әдебиеті, жергілікті тарих, салт-дәстүрлерді зерттеу, жинақтау.



Этноволонтерлердің дағдылары

- Ұлттық тарих пен мәдениеттен базалық білім.
- Қоғам алдында сөйлеу, іс-шара ұйымдастыру қабілеті.
- Қолөнер, ән-күй, би немесе ұлттық тағамнан практикалық шеберлік.
- Жастармен жұмыс істеу тәжірибесі.
- Медиа-контент жасау (бейне, фото, әлеуметтік желі).



Этноволонтер болудың пайдасы

- Жеке тұлғалық дамуға әсер етеді.
- Қоғам алдында сөйлеу, ұйымдастырушылық дағды қалыптасады.
- Өз ұлтыңа деген мақтаныш сезімі күшейеді.
- Жастар арасында көшбасшылық қалыптастырады.
- Республикалық және халықаралық жобаларға жол ашады.



Яғни, этноволонтер болғысы келетін жас:

- Мәдени клубқа немесе ұйымға қосылады.
- Қажетті білім мен шеберлікті үйренеді.
- Өз мектебінде, колледжінде шағын іс-шара өткізеді.
- Республикалық этно-акциялар мен фестивальдерге қатысады.